

Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 22 қаңтардағы N 3-1-157қ "Азаматтардың жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көліктерде тегін жол жүруді ұсыну туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 9 наурыздағы N 23-10-207қ Қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2006 жылғы 11 сәуірдегі N 435 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 23-887қ қаулысымен

Ескерту: Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 23-887қ қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізімі туралы" шешімін ескеріп, Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 3-1-1978қ "Астана қаласының жергілікті атқарушы органдарының кейбір мәселелері туралы" қаулысына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 22 қаңтардағы N 3-1-157қ "Азаматтардың жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көліктерде тегін жол жүруді ұсыну туралы" (Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 24 қаңтарда N 306 болып тіркелген, 2004 жылғы 2 ақпандағы N 17 "Астана хабары", 2004 жылғы 3 ақпандағы N 13 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) аталған қаулыда:
преамбула мына редакцияда мазмұндалсын:

"Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін женілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушысының 2005 жылғы 1 желтоқсандағы N 306-б "Әлеуметтік қызмет көрсетудің Үлгілік ережелерін бекіту туралы" бүйрығын орындау барысында, Астана қаласы мәслихатының

2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" шешімін ескеріп, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

1-тармақтағы "(женіл таксиден басқа)" сөздері алынып тасталсын;

1-тармақтың 3) тармақшасында "16-ға дейінгі мүгедек балаларға" сөздері "он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға" сөздерімен ауыстырылсын;

1-тармақтың 5) тармақшасы "тұратын" сөзінен кейін "кәмелетке толмаған" сөзімен толықтырылсын;

2-тармақ мына редакцияда мазмұндалсын:

"2. Қоса беріліп отырған Азаматтардың жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көліктерде тегін жол жүруді ұсыну тәртібі туралы Қағида бекітілсін.";

3-тармақ мына редакцияда мазмұндалсын:

"3. "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" және "Астана қаласының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменті" мемлекеттік мекемелері "Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бағдарламасын (бұдан әрі - Бағдарлама) іске асыруды қамтамасыз етсін.";

5-тармақ мына редакцияда мазмұндалсын:

"5. "Астана қаласының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменті" мемлекеттік мекемесі женілдікпен жол жүрудің жолақылық билеттерін дайындауды және "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесіне одан әрі беруді қамтамасыз етсін.";

6-тармақ мына редакцияда мазмұндалсын:

"6. "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетакы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Астана қалалық филиалына осы қаулының 1-тармағының 1)-5)-тармақшасында, "Алматы" және "Сарыарқа" аудандарының әкімдері 1-тармағының 6) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтардың тізімін дайындасын және женілдікпен жол жүру жолақылық билеттерін беру үшін "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесіне ұсынсын.";

2) осы қаулының қосымшасына сәйкес жоғарыда аталған қаулымен бекітілген Азаматтардың жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көліктерде тегін жол жүру женілдігін ұсыну тәртібі туралы Қағида жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.С. Мұстафинаға жүктелсін.

Әкім

Әкімнің бірінші орынбасары
Әкімнің орынбасары
Әкімнің орынбасары
Әкімнің орынбасары
Әкімнің орынбасары
Әкім аппаратының басшысы

"Астана қаласының Каражы
департаменті" мемлекеттік
мекемесінің директоры

Күжаттамалық сараптама
бөлімінің менгерушісі
КЕЛСІЛДІ

Астана қаласы
"Алматы" ауданының әкімі

Астана қаласы
"Сарыарқа" ауданының әкімі

"Астана қаласының Жолаушылар
көлігі және автомобиль жолдары
департаменті" мемлекеттік
мекемесінің директоры

"Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігінің
Зейнетакы төлеу жөніндегі
мемлекеттік орталығы"
республикалық мемлекеттік
қазыналық кесіпорны Астана
қалалық филиалының директоры

"Астана қаласының Жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар
департаменті" мемлекеттік
мекемесінің директоры

"Астана қаласының
Экономика және бюджеттік
жоспарлау департаменті"

мемлекеттік мекемесінің директоры

Астана қаласы әкімдігінің

2006 жылғы 9 наурыздады

N	2 3 - 1 0 - 2 0 7 қ	қ а у л ы с ы н а					
қосымша							
А ст а н а	қ а л а с ы	ә к і м д і г і н ің					
2 0 0 4	ж ы л ғ ы	2 2 қ а н т а р д а ғ ы					
N	3 - 1 - 1 5 7 қ	қ а у л ы с ы м е н					
бекітілген							
Азаматтардың	жекелеген	санаттарына	қалалық				
қоғамдық	көліктे	тегін	жол	жүруді	ұсыну	тәртібі	туралы
ҚАҒИДА							

Осы Қағида "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, "Әлеуметтік қызмет көрсетудің Үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушысының 2005 жылғы 1 желтоқсандағы N 306-б бұйрығын орындау барысында, Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 26 мамырдағы N 143/18-III "Астана қаласы бюджетінің қаражаттары есебінен әлеуметтік көмек көрсетуге мұқтаж азаматтар санаттарының тізбесі туралы" шешімін ескеріп әзірленді және азаматтардың жекелеген санаттарына қалалық қоғамдық көліктерде тегін жол жүруді ұсыну тәртібін р е т т е й д і .

Қалалық қоғамдық көліктерде азаматтардың жекелеген санаттарына тегін жол жүру жеңілдігін ұсыну халықты әлеуметтік қорғаудың бір нысаны болып табылады.

1. Жалпы ережелер

1. Қалалық қоғамдық көліктердің барлық меншік турлерінде азаматтардың м ы н а с а н а т т а р ы н а :

1) жасы келген және еңбек сінірген жылдары бойынша зейнеткерлерге;

2) Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектеріне және оған т е н е с т і р і л г е н т ұ л ғ а л а р ғ а ;

3) I, II топтағы мүгедектерге және он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға;

4) күш құрылымдарынан (Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Әділет министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, Республикалық гвардия) зейнетакы алушыларға;

5) төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балаларымен бірге тұратын (анасы жоқ болған жағдайда, әкесіне немесе оның орнындағы тұлғаға) көп балалы аналарға (соның ішінде олардың балалары кәмелетке толғаннан кейін, жоғары және арнайы орта оқу орындарында оқитындарға - олардың оқу орындарын б і т і р г е н г е д е й і н) ;

6) үйге барып әлеуметтік көмек көрсету бөлімінің әлеуметтік қызметкерлерге тегін жол журу құқығы беріледі.

2. "Жергілікті өкілдік органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бағдарламасының (бұдан әрі - Бағдарлама) әкімшісі "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Әкімші) болып табылады.

3. Әкімші мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес азаматтардың жекелеген санаттарын қалалық қоғамдық көліктердің барлық меншік түрлерінде тегін тасымалдау жөніндегі жеткізушилерді белгілейді, олармен міндеттемелерді орындау талаптары мен тараптардың міндеттері ескеrtlіген шарттар жасасады.

4. Бағдарламаны іске асыру мақсатында "Астана қаласының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары департаменті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Департамент) азаматтардың жекелеген санаттарын қалалық қоғамдық көліктердің барлық меншік түрлерінде тегін тасымалдау жөніндегі жеткізушилердің орындалған жұмыстарының есебін қамтамасыз етеді.

5. Әкімші Департамент анықтылығын растиған қызметтер жеткізушилерінің орындалған жұмыстардың актілері негізінде нақты берілген женілдікті жол журу билеттерінің санына қарамастан тиісті қаржы жылына көзделген қаражат көлемінде азаматтардың жекелеген санаттарын қалалық қоғамдық көлікте тегін тасымалдау қызметтерінің төлемін жүргізеді.

2. Қаржыландыру көзі

6. Азаматтардың жекелеген санаттарының қалалық қоғамдық көліктердің барлық меншік түрлерінде тегін жол жүруін және женілдікпен жол жүру билеттерін дайындаудың қаржыландыру көзі Астана қаласының бюджеті болып табылады.

3. Тегін жол жүруді ұсынудың тәртібі

7. Азаматтардың жекелеген санаттары үшін қалалық қоғамдық көліктерде тегін жүруі белгіленген ұлғідегі женілдікпен жол жүру билеті және тегін жол жүру құқығын пайдалануды растигтын куәліктің түпнұсқасы негіз болып та б ы л а д ы .

8. Женілдікпен жол жүрудің билеттерін беруді Әкімші "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Астана қалалық филиалы (бұдан әрі - ЗТМО) және "Алматы" және "Сарыарқа" аудандарының әкімдері ұсынған тізімдерге сәйкес жеке басының қуәлігі мен тегін жол жүруді пайдалану құқығын растигтын қуәлігін көрсеткен жағдайда алушылардың өзіне немесе нотариалды қуәландағылған сенімхаты бар басқа тұлғаларға зейнетақы, жәрдемақы алатын

о р ы н д а р д а

ж ү р г і з е д і .

9. Әкімші азаматтардың өтініштері бойынша жарамсыз болған женілдікпен жол жүру билеттерін ауыстырады.

Женілдікпен жол жүру билеттерін қайта беру ұрланғаны жөнінде құжаттамамен расталған жағдайда (іздеу салу үстелінің анықтамасы, газеттегі хабарландыру) жылына бір рет жүргізіледі.

10. ЗТМО мен "Алматы" және "Сарыарқа" аудандарының әкімдері женілдікпен жол жүру билеттерін алушылардың ұсынған тізімдерінің растығын бақылауды жүзеге асырады.

ЗТМО осы Қағиданың 1-тармағында көрсетілген азаматтар санаттарына жататын қайта тағайындалғандардың және көшіп келгендердің тізімін ай сайын Әкімшіге ұсынады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК